

"Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері туралы" Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 30 желтоқсандағы № 1663 Қаулысы
Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**
«Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңының жобасы Қазақстан Республикасы Парламентінің қарауына енгізілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
Премьер-Министрі К. Мәсімов
Жоба

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ ЗАҢЫ «Қазақстан Республикасының мемлекеттік
рәміздері туралы»
Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына өзгерістер мен
толықтыру енгізу туралы**

1-бап. «Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 4 маусымдағы Конституциялық заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2007 ж., № 11, 72-құжат; 2008 ж., № 13-14, 53-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

- 1) 6-баптың 2-тармағы мынадай мазмұндағы 1-1) тармақшамен толықтырылсын:
 - «1-1) нотариустардың мөрлерінде;»;
 - 2) 11-баптың 1-тармағында:
 - 3) тармақша алып тасталсын;
 - 4) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«4) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туы мен Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасын, сондай-ақ олар бейнеленген материалдық объектілерді дайындау және сату кезінде техникалық реттеу саласындағы нормативтік құқықтық актілер мен нормативтік құжаттар талаптарының сақталуын бақылауды жүзеге асырады.» ;

3) 14-бап алып тасталсын.

2-бап. Осы Конституциялық заң алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ